



Осы сақтандыру ережелерін «Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде әзірледі және осы сақтандыру ережелеріне қосылу және сақтандыру полисін беру жолымен жасалатын Сақтанушының таңдауы бойынша SMART CASCO кешенді (бірлік) сақтандыру шарттарын жасау және орындау тәртібін айқындайды.

Осы сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқықтық қабілеттілігін шектемейді. Осындай шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін белгілейтін сақтанушыны таңдау бойынша SMART CASCO кешенді (бірлік) сақтандырудың нақты шартының талаптары осы сақтандыру ережелерінде айқындалады.

Мазмұны:

- 1-бап. Жалпы ережелер
- 2-бап. Сақтандыру объектісі
- 3-бап. Сақтандыру жағдайлары
- 4-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу
- 5-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі
- 6-бап. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза
- 7-бап. Сақтандыру полисін жасау тәртібі
- 8-бап. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен орны
- 9-бап. Қосарлы сақтандыру
- 10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 11-бап. Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары
- 12-бап. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері
- 13-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
- 14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 15-бап. Сақтанушының шығындарды өтету құқығының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)
- 16-бап. Сақтандыру полисін тоқтату шарттары
- 17-бап. Қосымша шарттар
- 18-бап. Дауларды шешу тәртібі
- 19-бап. Сақтандыру омбудсманы, оның мәртебесі, қызметінің қағидаттары, сайлау тәртібі және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

1. Жалпы ережелер

1.1. Сақтанушының таңдауы бойынша Smart Casco ерікті кешенді (бірлік) сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) шарттарында «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады (бұдан әрі – Қоғам), Сақтанушыны Сақтандыру ережелеріне қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру полисін беруі жолымен ерікті кешенді (бірлік) сақтандыру шарттарын жасайды.

1.2. Сақтандыру полистері жеке (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік түріне қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі - Сақтанушы деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру ережелері ерікті сақтандырудың мынадай кластары шегінде жасалған:

- 1) автомобиль көлігін ерікті сақтандыру;
- 2) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру;
- 3) жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру.

Бұл ретте жоғарыда аталған сақтандырудың барлық кластары шеңберінде немесе олардың әртүрлі комбинациясында не тек ерікті автомобильдік сақтандыру шеңберінде сақтандыру полистерін жасау көзделеді.

Сақтанушы сақтандырудың қандай да бір класын сақтандыруға қажеттілігіне қарай сақтандыру кластарының үйлесімін таңдауға құқылы. Осы Ережеге сәйкес осы Ереженің 1.3-тармағында санамаланған сақтандырудың бір және/немесе бірнеше кластары шегінде сақтандыруға жол беріледі.



1.4. Ережелерде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандырылған тұлғалар туралы ақпарат Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

2) **Пайда алушы** – Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Пайда алушылар туралы ақпарат Сақтандыру полисінде көрсетіледі. Бұл ретте Пайда алушылар көлік құралының меншік иесі / Банк / Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясы / Пайда алушы Сақтандыру полисінде көрсеткен өзге тұлға бола алады.

3) **Франшиза** - сақтандыру шарттарында көзделген Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

Шарт қойылмайтын франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегергенде өтеледі.

Франшиза сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.

4) **Автомобиль көлігі (көлік құралы, КҚ, автомобиль)** - жолдармен жүруге және олар бойынша адамдарды, оған орнатылған жүктерді немесе жабдықтарды тасымалдауға немесе троллейбустарды қоса алғанда, адамдарды, жүктерді немесе оған орнатылған жабдықтарды тасымалдауға арналған көлік құралдарын жолдармен сүйреуге арналған механикалық көлік құралы;

5) **Жол** - жайластырылған немесе ыңғайластырылған және көлік құралдарының жүруі үшін пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыстың үсті. Жол бір немесе бірнеше жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды;

6) **Бағалаушы** - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар және міндетті түрде бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

7) **Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясы (мамандандырылған ТҚС)** – Сақтандыру ережесінің мәтінінде Сақтандырушы ұсынған және/немесе онымен келісілген сервис орталығы түсініледі;

8) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

1.5. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы сақтандыру полисінде шартталған сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына сақтандыру полисі жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.6. Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар сақтандырылушы бола алады.

1.7. Сақтандырылушының пайдасына Сақтандыру полисін жасау сСақтанушыны осындай Сақтандыру полисі бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

1.8. Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат етілген адамның автомобиль көлігін басқару кезінде өзімен бірге болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасында жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжат болған кезде берілгендерді қоспағанда, көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігі не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлік;

- Қазақстан Республикасында берілгенді қоспағанда, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе көлік құралына меншік құқығы туралы куәландыратын құжат.

1.9. Сақтанушы, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушы, Пайда алушы автомобиль көлігін сақтандыру кезінде осы автомобиль көлігін сақтауға мүдделілікті танытуы және көлік құралын пайдалануы керек:

1) меншік құқығында;

2) жедел басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында;

3) сенімгерлікпен басқару немесе өзге де заңды негізде;

4) сенімхат бойынша;

5) жолсапар парағы бойынша.

1.10. Сақтанушыда, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушыда немесе Пайда алушыда сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүдделілік болмаған кезде жасалған Сақтандыру полисі жарамсыз.

1.11. Сақтанушыда, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушыда немесе Пайда алушыда сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүдделілік болмаған кезде жасалған Сақтандыру полисі жарамсыз.



1.12. Автомобиль көлігін сақтандыру кезінде Сақтандырушымен сақтандыру алдындағы қарап-тексеру жүргізілмейді және мынадай жағдайларда қарап-тексеру туралы акт жасалмайды:

1) Сақтандыру кезеңінде үзіліссіз сақтандыру шартын ұзарту (ұзарту 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылды) және Компаниядағы сақтандырудың бүкіл кезеңі ішінде белгілі және мәлімделген шығындарсыз.

2) Кепілде / лизингте тұрған сақтандыру объектілері: Сақтанушы автосалонда сатып алған жаңа көлік құралдары (арнайы және ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда).

3) 100 (жүз) километрге дейінгі жүрілген жолымен автосалоннан жаңа көлік құралдары (арнайы және ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда).

1.12-тармақта көзделген жағдайларда осы Сақтандыру ережелерінің 4.4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ерекшеліктер қолданылмайды.

2. Сақтандыру объектісі

2.1. Сақтандыру объектісі мыналар болып табылады:

1) автомобиль көлігін ерікті сақтандыру бойынша (бұдан әрі-1-Секция) - Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты мүлктік мүдделері, сондай-ақ Сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру жағдайлары нәтижесінде оның жоғалуы (жойылуы) немесе бүліну қаупі;

2) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру бойынша (бұдан әрі-2-Секция):

1-Нұсқа - сақтандырылған автомобиль көлігінде ЖКО жол беру және үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде Сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау қаупімен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүлктік мүдделері;

2-Нұсқа - сақтандырылған автомобиль көлігінде ЖКО жол беру және үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде Сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау қаупімен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүлктік мүдделері;

3) жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру бойынша (бұдан әрі - 3-Секция) - Сақтанушының (Сақтандырылушының) ЖКО кезінде сақтандырылған адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупімен байланысты мүлктік мүдделері.

2.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес автомобиль көлігі ретінде түсініледі:

1) Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген көлік құралдары;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген (әкелінген) көлік құралдары;

3) Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, дайындаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, Кедендік бақылау органдарынан тіркелген жеріне өз жүрісімен жеткізілетін көлік құралдары

3. Сақтандыру жағдайлары

3.1. Сақтандыру жағдайы - оның туындау ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері бар оқиға, оның басталуымен Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

3.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру полисі бойынша Сақтанушының таңдауы бойынша тәуекел сақтандырылады:

1-Секция.

1-Нұсқа. Осы Ережелердің 4-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мынадай оқиғаларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, кез келген себеппен (атап айтқанда, оған сырттан кенеттен және күтпеген механикалық әсер ету салдарынан) болған оқиғалар нәтижесінде автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы:

1) жол-көлік оқиғасы (ЖКО): автомобиль көлігі жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен туындаған оқиға, оның ішінде автомобиль жолдарынан тыс (автотұрақ, көлік қоятын орын, автожол болып табылмайтын жүріс бөлігі) және жолсыз және таулы жерлерді қоса алғанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс болған, сондай - ақ сақтандырылған көлік құралының басқа мамандандырылған көлік құралымен тасымалдау кезінде басқа автомобиль көлігімен соқтығысуы, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарға (құрылыстарға, кедергілерге, құстарға, жануарларға)



соқтығысуы (соққы), басқа көлік құралының қозғалмайтын сақтандырылған көлік құралына соқтығысуы, жол төсемінің опырылуы, аударылу, су басу орын алған оқиға;

2) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері: вандализм, автокөліктің кез келген өткір затпен зақымдануы, автомобиль көлігінің лак-бояу жабынының зақымдануы, шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдануы, айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу немесе автомобиль көлігін бұзу, көлік құралын айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу немесе бұзу немесе айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу немесе бұзу әрекетімен байланысты жою немесе зақымдау, террористік актілер, ереуілдер, локауттар, азаматтық тәртіпсіздіктер, халық көтерілісі, бүлік, азаматтық толқулар, әскери көтеріліс, революция және саяси және діни себептер бойынша үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері;

3) дүлей апаттар¹: дауыл, теңіз дауылы, құйын, бұршақ, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, тауды опырылуы, көшкін, 13 м/с және одан да көп жылдамдықтағы қатты желдің екпіні, су тасқыны, су басу, сел;

4) өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, өздігінен жану, мұз астына түсу, су құбыры, жылыту немесе кәріз жүйелерінің зақымдануы (автокөлік жолында/паркингте кәріз құбырларының, жылыту жүйесінің жарылуы салдарынан Автокөлікті су басу), алдыда келе жатқан автомобиль көлігінің дөңгелектерінің астынан ұшқан тастардың тиюі, автокөлік құралына бөгде объектінің немесе заттың құлауы немесе соғылуы, атап айтқанда: шатыр материалының құлауы, қасбеттік қаптаманың құлауы, ғимараттар мен құрылыстардың шатырларынан, тіректерден, ағаштар мен олардың бұтақтарынан қардың немесе мұздың құлауы, жануарлардың автомобильдің капот астындағы кеңістігіне кіріп кетуі, оптиканың жеке зақымдануы немесе жоғалуы (басқа бөлшектерге зақым келтірместен) (алдыңғы және артқы әйнек, алдыңғы фаралар, артқы шамдар, бүйірлік айналар және көліктің бүйірлік әйнегі (есік әйнегі), сақтандыру полисін жасар алдында Сақтандырушы мен Сақтанушы қол қоятын және Сақтандыру полисін жасар алдында мұндай оптикада (алдыңғы және артқы алдыңғы әйнек, алдыңғы фаралар, артқы шамдар, бүйір айналар және көліктің бүйірлік шынылануы (есіктің әйнегі) көрініп тұрған зақым болмаған жағдайда ғана;

5) шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдануы, егер бұл ретте Автомобильдің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болса немесе оқиға үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда ғана;

6) су тасқыны, бұршақ, нөсер сияқты қолайсыз табиғи құбылыстардың әсерінен автомобиль су басқан жағдайда ғана автомобиль қозғалтқышына әртүрлі заттардың (тастар, құм, бұтақтар және т. б.) немесе судың түсуі нәтижесінде автомобиль қозғалтқышының зақымдануы немесе жоғалуы; сондай-ақ автомобильдің аяқ өткелдер, өзендер, көлдер және т.б. арқылы өту жағдайларын қоспағанда, автомобиль жолындағы кәріз құбырларының, жылыту жүйесінің жарылуы;

7) оңай алынатын бөлшектерді ұрлау, атап айтқанда тек: айналар, әйнек тазалағыштар, дөңгелектер / қосалқы дөңгелектер, антенналар, молдингтер, эмблемалар (белгішелер), терезе дефлекторлары.

2-Нұсқа. Жол-көлік оқиғасы (ЖКО)салдарынан автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы: жол-көлік оқиғасы(ЖКО): автомобиль көлігі жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен туындаған оқиға, оның ішінде автомобиль жолдарынан тыс (автотұрақ, көлік қоятын орын, автожол болып табылмайтын жүріс бөлігі) және жолсыз және таулы жерлерді қоса алғанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс болған, сондай-ақ сақтандырылған көлік құралының басқа мамандандырылған көлік құралымен тасымалдау кезінде басқа автомобиль көлігімен соқтығысуы, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарға (құрылыстарға, кедегілерге, құстарға, жануарларға) соқтығысуы (соққы), басқа көлік құралының қозғалмайтын сақтандырылған көлік құралына соқтығысуы, жол төсемінің опырылуы, аударылу, су басу, алда келе жатқан автомобиль көлігінің дөңгелектері астынан ұшқан тастардың соғылуы орын алған оқиға.

3-Нұсқа. Кез келген себеппен болған оқиғалар нәтижесінде автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы, (атап айтқанда, оған сырттан кенеттен және күтпеген механикалық әсер ету салдарынан), ЖКО қаупінен басқа және осы Ережелердің 4-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мынадай оқиғаларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:

1) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері: вандализм, автокөліктің кез келген өткір затпен зақымдануы, автомобиль көлігінің лак-бояу жабынының зақымдануы, шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдануы, айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу немесе автомобиль көлігін бұзу, көлік құралын айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу

¹ дүлей апат - салдарынан төтенше жағдай туындаған апат



немесе бұзу немесе айдап әкету, тонау, қарақшылықпен тонау, ұрлау, өртеу немесе бұзу әрекетімен байланысты жою немесе зақымдау, террористік актілер, ереуілдер, локауттар, азаматтық тәртіпсіздіктер, халық көтерілісі, бүлік, азаматтық толқулар, әскери көтеріліс, революция және саяси және діни себептер бойынша үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері;

2) дүлей апаттар²: дауыл, теңіз дауылы, құйын, бұршақ, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, тауды опырылуы, көшкін, 13 м/с және одан да көп жылдамдықтағы қатты желдің екпіні, су тасқыны, су басу, сел;

3) өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, өздігінен жану, мұз астына түсу, су құбыры, жылыту немесе кәріз жүйелерінің зақымдануы (автокөлік жолында/паркингте кәріз құбырларының, жылыту жүйесінің жарылуы салдарынан Автокөлікті су басу), алдыда келе жатқан автомобиль көлігінің дөңгелектерінің астынан ұшқан тастардың тиюі, автокөлік құралына бөгде объектінің немесе заттың құлауы немесе соғылуы, атап айтқанда: шатыр материалының құлауы, қасбеттік қаптаманың құлауы, ғимараттар мен құрылыстардың шатырларынан, тіректерден, ағаштар мен олардың бұтақтарынан қардың немесе мұздың құлауы, жануарлардың автомобильдің капот астындағы кеңістігіне кіріп кетуі, оптиканың жеке зақымдануы немесе жоғалуы (басқа бөлшектерге зақым келтірместен) (алдыңғы және артқы әйнек, алдыңғы фаралар, артқы шамдар, бүйірлік айналар және көліктің бүйірлік әйнегі (есік әйнегі), сақтандыру полисін жасар алдында Сақтандырушы мен Сақтанушы қол қоятын және Сақтандыру полисін жасар алдында мұндай оптикада (алдыңғы және артқы алдыңғы әйнек, алдыңғы фаралар, артқы шамдар, бүйір айналар және көліктің бүйірлік шынылануы (есіктің әйнегі) көрініп тұрған зақым болмаған жағдайда ғана;

4) шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдануы, егер бұл ретте автомобильдің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болса немесе оқиға үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда ғана;

5) су тасқыны, бұршақ, нөсер сияқты қолайсыз табиғи құбылыстардың әсерінен автомобиль су басқан жағдайда ғана автомобиль қозғалтқышына әртүрлі заттардың (тастар, құм, бұтақтар және т. б.) немесе судың түсуі нәтижесінде автомобиль қозғалтқышының зақымдануы немесе жоғалуы; сондай-ақ автомобильдің аяқ өткелдер, өзендер, көлдер және т.б. арқылы өту жағдайларын қоспағанда, автомобиль жолындағы кәріз құбырларының, жылыту жүйесінің жарылуы;

6) оңай алынатын бөлшектерді ұрлау, атап айтқанда тек: айналар, әйнек тазалағыштар, дөңгелектер / қосалқы дөңгелектер, антенналар, молдингтер, эмблемалар (белгішелер), терезе дефлекторлары.

2-Секция.

1-Нұсқа. Сақтандырылған көлік құралында ЖКО жол берген және осы ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірген Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі.

2-Нұсқа. Сақтандырылған көлік құралында ЖКО жіберген Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы және осы ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру фактісі.

3-Секция.

ЖКО салдарынан болған жазатайым оқиға - сақтандырылған көлік құралында, салдарынан сақтандырылған көлік құралындағы Сақтандырылған тұлғаларға (оның ішінде жолаушыларға) еңбекке уақытша жарамсыздық белгіленген немесе І,ІІ,ІІІ топтағы мүгедектік белгіленген немесе Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болған.

3.3. Сақтанушы қосымша опцияны таңдауға құқылы немесе Сақтандыру полисінің шарттарына сәйкес опция әдепкі бойынша көзделуі мүмкін. Сақтанушының таңдауы және қосымша(-лар) опцияның(-лардың) болуы сақтандыру полисінде осы(-лар) опцияның (- лардың) болуымен расталады:

1) **1-Опция: Мамандандырылған ТҚС жөндеу** - бұл опция көлік құралы зақымданған кезде ғана қолданылады және сақтандырылған көлік құралы толық жойылған жағдайларға қолданылмайды. Мамандандырылған ТҚС-да жөндеу кезінде амортизациялық тозу назарға алынбайды және сақтандыру төлемінен шегерілмейді. Сақтандырушының таңдауы бойынша немесе Сақтанушының таңдауы бойынша мамандандырылған ТҚС-да жөндеу сақтандырумен өтеледі.

² дүлей апат - салдарынан төтенше жағдай туындаған апат.



2) 2-Опция: Көлік құралының сақтандыру сомасының 70% - нан аспайтын мөлшердегі шығын (ЖКО) кезінде - Жол Полициясын шақырмай. Осы опцияға сәйкес сақтандыру төлемі Жол полициясы органдарын шақырмай жүзеге асырылады, егер залал мөлшері автомобиль көлігінің сақтандыру сомасының 70% -нан аспаса және мұндай ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаса. Сақтандырылған тұлға дереу (ЖКО сәтінен бастап 2 сағаттан кешіктірмей) орын алған ЖКО, зақымдануды тіркеу үшін Сақтандырушының (апаттық комиссардың) өкілдерін шақыруға міндетті. Бұл опция Қазақстан Республикасының барлық өңірлері үшін қолжетімді және тек Қазақстан Республикасында ғана қолданылады. Апаттық комиссардың шақыруы құжатпен расталуы тиіс. Егер апаттық комиссар шақырылмаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Сақтандыру төлемі Сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегере отырып, жүзеге асырылады.

3) 3-Опция: Сақтандыру полисінің «САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ» тармағында көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде шығын болған кезде, оның мөлшері көлік құралының сақтандыру сомасының 10% - нан аспайды - Жол полициясы органдары мен басқа да уәкілетті құзыретті органдарды шақырмай. Сақтандырылушының қалауы бойынша немесе Сақтандырылушы апаттық комиссардың келуінен бас тартқан жағдайда, оқиға орнына келу нұсқаулықпен ауыстырылуы мүмкін (мысалы, фотосесеп және бейне есеп беру), Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру полисінің «сақтандыру жағдайлары» тармағында көрсетілген оқиғаны (бұдан әрі – оқиға) фото / бейнежазбасы бар файлдарды кез келген қолжетімді тәсілмен (электрондық поштаға, мессенджерлер арқылы) апаттық комиссарға оқиға болған сәттен бастап 1-жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұстануға және жіберуге міндеттенеді. Сақтандырылған көлік құралында орнатылған бейнетіркегіштен жазба болған кезде сақтандырылушы мұндай жазбаларды Оқиға болған сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде апаттық комиссарға беруге құқылы. Апаттық комиссардың келуі Сақтандырылушының қалауы бойынша апаттық комиссардың нұсқаулығына ауыстырылған жағдайда, сақтандыру төлемі Жол полициясы органдарын және басқа да құзыретті органдарды шақырмай жүзеге асырылады, егер залал мөлшері автомобиль көлігінің сақтандыру сомасының 10% -нан аспайтын болса және осындай оқиғаның нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаса. Апаттық комиссарды шақыру құжатпен расталуы тиіс. Егер апаттық комиссар шақырылмаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Сақтандыру төлемі Сақтандыру полисінде көрсетілген франшиза шегеріле отырып жүзеге асырылады.

4) 4-Опция: Сақтандыру полисінде белгіленген лимиттен аспайтын мөлшерде шығын (ЖКО) кезінде - Жол полициясын шақырмай. Бұл опция тек Қазақстан Республикасында қолданылады. Осы опцияға сәйкес сақтандыру төлемі, егер залалдың құны сақтандыру полисінде белгіленген лимиттен аспаса, Жол полициясы органдарын шақырмай жүзеге асырылады, сондай-ақ Сақтандырылған тұлға орын алған ЖКО-ны, зақымдануды белгілеу үшін дереу (ЖКО сәтінен бастап 2 сағаттан кешіктірмей) Сақтандырушының өкілдерін (апаттық комиссарды) шақыруға міндетті.

Апаттық комиссардың шешімі бойынша оқиға орнына келу Сақтанушы ұстануға міндеттенетін нұсқаулыққа (мысалы, фотосесеп жасау және т.б.) ауыстырылуы мүмкін. Апаттық комиссарды шақыру құжатпен расталуы тиіс. Егер апаттық комиссар шақырылмаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Сақтанушы (сақтандырылушы) медициналық куәландырудан өтуге міндетті (апаттық комиссар сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен немесе телефон арқылы оның ауызша консультациясынан бастап 6 сағаттан кешіктірмей). Сақтанушы (Сақтандырылушы) медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан кезде апаттық комиссардың жол полициясы органдарын шақыруға құқығы бар. Сақтанушы медициналық куәландырудан өткені туралы қорытынды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. КҚ басқарған тұлғаның мас емес күйде болғандығын растайтын медициналық куәландыруға арналған шығыстарды Сақтандырушы көтереді.

5) 5-Опция: ЖКО орнына эвакуатор (Сақтанушының таңдауы):

А) ЖКО орнына эвакуатор - Сақтанушы көрсеткен межелі жерге дейін бір жолғы тасымалдау, бірақ километражға байланысты 10 000 теңгеден аспайды.

Б) Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті лимиті 40 000 (қырық мың) теңге болатын ЖКО орнына эвакуатор. Бұл опция Қазақстан Республикасының барлық өңірлері үшін қолжетімді және осы опция бойынша шекті лимит таусылғанға дейін қолданылады. Сақтандырушы



эвакуатордың қызметтерін шақыруды және төлеуді Сақтандырылушы туындаған сақтандыру жағдайы туралы өтініш жасағаннан кейін жүзеге асырады.

6) 6-Опция: Сақтанушының КҚ ЖКО нәтижесінде ТҚС-да болған кезде, КҚ уақытша пайдалануға беру (Сақтандыру полисінде көрсетілген мерзімге). Бұл опция тек сақтандырылған көлік құралы бойынша ғана қолданылады, тек Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және оның барлық өңірлеріне қолданылады. Сақтандыру полисінде көрсетілген мерзімге таңдау бойынша және Сақтандырушының есебінен көлік құралын жалға беруді ұсыну.

7) 7-Опция: Сақтанушының атынан Компанияның Жол полициясына құжаттарды жинауы. Бұл опция Қазақстан Республикасының аумағында ғана қолданылады. Осы нұсқаға сәйкес сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды жинауды Сақтанушы берген тиісті сенімхат негізінде Сақтандырушы жүзеге асырады.

8) 8-Опция: Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандыру сомасын қалпына келтіру. Осы опцияға сәйкес көлік құралы толық жойылған кезде төлемді толық көлемде жүзеге асыруды қоспағанда, сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін азайтылмайды.

9) 9-Опция: КҚ-ның толық жойылуы, КҚ-ын айдап әкету кезінде франшизаны 5% - ға дейін төмендету. Бұл опция тек көлік құралының толық жойылуы кезінде қолданылады (толық жойылу - көлік құралының 80% - дан астам зақымдануы).

10) 10-Опция: Сақтандыру полисі қолданысын бірінші сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тоқтатады. Осы опцияны қолданғаны үшін сақтандыру тарифін төмендету көзделген. Осы опцияға сәйкес Сақтандыру полисі сақтандыру жағдайы қай секция бойынша басталғанына қарамастан, бірінші сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қолданысын тоқтатады.

11) 11-Опция: Жеңілдік - 50%.

а) Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алғанға дейін Сақтандырушымен Сақтандырушының сақтандыру төлемін Сақтанушыға тиесілі сомадан (сақтандыру полисінде белгіленген франшиза сомасын шегергенде), Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасынан (бұдан әрі – «Жеңілдікпен сыйлықақы») ұстап қалуына «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюға міндеттенеді.

б) Сақтандырушы «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» сәйкес Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру төлемін Сақтанушыға тиесілі сомадан жеңілдікпен сыйлықақы сомасын мынадай тәртіппен шегереді:

б1) Егер бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін Сақтанушыға/Пайда алушыға тиесілі сома (Сақтандыру полисінде белгіленген франшизаны шегергенде) жеңілдікпен сыйлықақы сомасына тең немесе одан асқан жағдайда, онда Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сыйлықақысынан берілген жеңілдік сомасын сақтандыру төлемінің сомасынан толық көлемде шегереді.

б2) Егер бірінші сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушыға тиесілі сома сақтандыру сыйлықақысынан жеңілдік сомасынан аз болған жағдайда, онда сома сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, ал сақтандыру сыйлықақысынан жеңілдіктің қалған бөлігі басқа сақтандыру жағдайларынан кейінгі сақтандыру төлемдерінен шегеріледі.

в) Берілген жеңілдік сақтандыру төлемдерінің сомасынан толық өтелгеннен кейін - кейінгі сақтандыру төлемдері жеңілдікті ұстамай жүзеге асырылады.

г) Сақтанушы осы 3.3-тармақтың 11) тармақшасының а) абзацына сәйкес «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоядан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға / Пайда алушыға сақтандыру төлемін толық көлемде төлеу міндетінен босатылады.

д) Егер сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру объектісіне келтірілген залал сомасы Сақтандыру полисінде белгіленген франшиза сомасынан аспаса, онда осы 3.3-тармақтың 11) тармақшасының а) және б) абзацтары қолданылмайды, бұл ретте осы 3.3-тармақтың 11) тармақшасының а) және б) абзацтарында сипатталған рәсім Сақтандыру полисі бойынша кейінгі төлемдер кезінде жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

4.1. Сақтандыруға автомобиль көлігінің мынадай түрлері қабылданбайды:

- 1) техникалық ақаулы;



2) жинақтамасы бұзылған -конструкцияда көзделген бір немесе бірнеше шанақ бөлшектері жоқ (капот, есік, шанақ немесе кабинаның есігінің құлпы, цистерналар мойнының бекітілуі, отын бағының тығындары) немесе бір немесе бірнеше шыны, сыртқы жарық аспаптары, дөңгелектер, шиналар жоқ көлік құралдары;

3) шанақ пен лак-бояу жабынына айтарлықтай коррозиялық немесе механикалық зақым келтірілген автомобиль көлігі. Шанақтың айтарлықтай коррозиясы металдың түсуімен немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясымен коррозияны білдіреді. Елеулі механикалық зақымданулар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымданулар түсініледі;

4) шанақтың, қозғалтқыштың нөмірі жоқ немесе тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін автомобиль көлігі;

5) Қазақстан Республикасына кірген кезде кедендік ресімдеу рәсімінен өтпеген автомобиль көлігі;

6) сақтандырылған автомобиль көлігіндегі антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және сәндік тастардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, картиналар, діни ғибадат заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, атыс қаруы және жарылғыш заттар, а сондай-ақ Сақтандырылушыға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес немесе сатуға арналған немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты заттар;

7) антирадарлар, алынбалы автомагнитол панельдері, алынбалы автомагнитолдар, бейне техника, компьютерлер және автомобильде орнатылған басқа да ұқсас жабдықтар (егер олар қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса);

8) сақтандырылған көлік құралының зауыттық жиынтығына кірмейтін кез келген мүлік, сыртқы айналар (егер олар қосымша опция бойынша сақтандырылмаған болса), автосалоннан көлік құралын сатып алу кезінде сатып алынған және орнатылған дабыл жүйелерін, навигацияны, тұрақ дефлекторларын, қорғаныс материалдары мен қондырғыларын қоспағандаи установок, приобретенных и установленных при покупке транспортного средства в автосалоне.

4.2. Сақтандыруға жатпайды, ал Сақтандыру полисі жасалған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, егер:

1) автомобиль көлігі каршеринг үшін қолданылатын болса;

2) автомобиль көлігін автобус парктері, автобазалар, автошаруашылықтар, коммуналдық қызметтер, тамақ өнімдерін жеткізу қызметтері, сондай-ақ такси сервистерінің курьерлік қызметтері және такси ретінде пайдаланылса.

4.3. Сақтанушы осы ережелерге сәйкес Сақтандыру полисін жасай отырып, кепілдік береді, автомобильдің:

1) техникалық жарамды болып табылатындығына;

2) жинақтамасының бұзылмағандығына;

3) шанақ пен лак-бояу жабынына айтарлықтай коррозиялық немесе механикалық зақым келтірілген автомобиль көлігі. Шанақтың айтарлықтай коррозиясы металдың түсуімен немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясымен коррозияны білдіреді. Елеулі механикалық зақымданулар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымданулар түсініледі;

4) шанақтың, қозғалтқыштың нөмірі бар, сондай-ақ шанақтың және қозғалтқыштың нөмірі тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келеді;

5) Қазақстан Республикасына кірген кезде кедендік ресімдеу рәсімінен өткен.

4.4. Егер автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі, Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, сондай-ақ Сақтандырылушылардың жазатайым оқиғалары төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде туындаса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) Сақтандыру полисін жасау кезінде сақтандырылған көлік құралында болған, Сақтанушыға немесе оның органдарына немесе уәкілетті тұлғаларына белгілі болуы тиіс ақаулары мен кемшіліктері.

Сақтанушыға белгілі ақаулар мен кемшіліктер деп көлік құралын тексеру актісінде және/немесе Сақтандыру полисін жасауға сауалнама-өтініште көрсетілген ақаулар мен кемшіліктер түсініледі.

2) анықталған ақаулар, оның ішінде жасырын ақаулар және/немесе механикалық және өзге де көлік құралының, оның ішінде шанақ пен лак-бояу жабынының сақтандыру жағдайы нәтижесінде не сақтандыру полисі жасалғанға дейін туындамаған кемшіліктері сақтандыру арқылы қорғаумен өтелмейді және сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;



- 3) егер Сақтандырушы сақтандыру алдындағы тексеру жүргізбесе және сақтандыру алдындағы тексеру актісін жасамаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру полисін жасау кезінде көрінеу жалған мәліметтер беруі мен құжаттарды ұсынуы;
- 5) Сақтанушының залал келтірген тұлғадан тиісті өтемақыны алуы;
- 6) мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша сақтандырылған көлік құралын алып қою, тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- 7) сақтандырылған көлік құралының жабдығы мен электрондық жабдығының бұзылуы салдарынан (оның ішінде оларды монтаждау, ретке келтіру, реконструкциялау, техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде), егер ол Сақтандыру полисінің «Сақтандыру жағдайлары» тармағында санамаланған сырттан кенеттен және күтпеген әсерден туындамаса;
Жабдықтың (оның ішінде электрондық) сынуы деп әртүрлі себептер бойынша, оның ішінде мынадай оқиғалардың салдарынан (себебінен) сақтандырылған көлік құралының жабдығының, бөліктерінің, тораптарының немесе бөлшектерінің жұмысқа жарамды жай-күйінің бұзылуы түсініледі:
 - Сақтанушының сақтандырылған көлік құралына қызмет көрсетудегі байқаусызда жіберген қателіктері;
 - гидравликалық соққы немесе бу немесе сұйықтық көмегімен жұмыс істейтін қазандықтар мен аппараттарда сұйықтықтың болмауы;
 - қысқа тұйықталу түріндегі электр энергиясының әсері, желідегі ток немесе кернеудің күрт артуы, индукцияланған токтардың әсері;
 - механизмнің бөгде заттармен шамадан тыс жүктелуі, қызып кетуі, дірілдеуі, ыдырауы, кептелуі, бітелуі, механизм ішіндегі қысымның өзгеруі, ортадан тепкіш күштің әсері;
 - тростар мен тізбектердің үзілуі;
 - материалдың тозуы.
- 8) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының не автомобиль көлігін басқаруға жіберілген өзге де тұлғалардың сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана іс-әрекеттері;
- 9) автомобиль көлігін тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға басқару немесе беру;
- 10) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру полисінде көрсетілгеннен басқа мақсаттарда пайдалану;
- 11) Сақтандырушымен жазбаша келісімсіз автомобиль көлігін жалға, лизингке немесе жалға беру;
- 12) техникалық ақаулы автомобиль көлігін пайдалану;
- 13) сақтандыру аумағынан тыс сақтандыру жағдайының немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінің басталуы;
- 14) біртіндеп әсер ететін себептер, келесілерді қоса, бірақ шектелмей, тозу, тот, коррозия, көгеру, зең басу, дымқыл немесе құрғақ шірік, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен ақаулар, баяу дамып келе жатқан деформация немесе бұрмалану, жәндіктердің қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер / микробтардың әрекеттері және кеміргіштер, зауыттық ақау;
- 15) шатырдан немесе люктерден ағып кету (егер болған сақтандыру жағдайының салдарынан шатыр немесе люктер зақымдалмаса) немесе терезені / әйнекті ашық қалдыру;
- 16) жобадағы (дизайндағы), сиаптамалардағы, өндірістегі, материалдардағы қателер мен қате есептеулер;
- 17) сақтандыру жағдайы кезінде немесе одан кейін автомобиль көлігінің және/немесе мүліктің бөліктерін ұрлау немесе тонау;
- 18) сақтандырылған автомобиль көлігін онда қалдырылған кілттермен бірге ұрлау (айдап әкету);
- 19) сақтандырылған көлік құралына жауынның, қардың немесе өзге де жауын-шашынның, температураның, ылғалдылықтың немесе жылдың тиісті уақытында осы аймақ үшін әдеттегі өзге де табиғи факторлардың әсер етуі, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген факторлардың әсерінен оның физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеруі;
- 20) көлік құралын пайдалану нәтижесінде бұзылу өтелмейді;
- 21) сақтандырылған автокөліктің сынақтарға, жарыстарға, оқыту мақсатында, тест драйвтарға қатысуы;
- 22) Сақтанушы (Сақтандырылушы) КҚ-ын кез келген дәрежедегі алкогольдік, уыттылық, есірткілік немесе өзге де мас болу күйінде және/немесе оның ішінде кез келген мас болу белгілері жоқ, бірақ организмде табылған алкогольдік, уыттылық, кез келген есірткілік заттармен (қалдық құбылыстарды қоса алғанда) жүргізуі;



23) егер Автомобильдің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болмаған жағдайда, сондай-ақ егер мұндай оқиға үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде болмаса, өндіруші көздеген шиналардың және/немесе дөңгелектердің, сол сияқты оның кез келген бөліктері мен жүйелерінің зақымдануы.

4.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) жанама және коммерциялық шығындар, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету), келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелер мерзімдерінің бұзылуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т. б.), ұтылған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын өзге де шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алынатын автомобиль көлігін пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығыстары; табыстың жоғалуы; тоқтап қалудан туындаған шығындар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақымдалған автомобиль көлігін тасымалдау шығындары);

2) моральдық зиян;

3) сот шығындары;

4) тауарлық құнының жоғалуы.

4.6. Сақтанушы Сақтандыру полисін жасау сәтінде сақтандырылған көлік құралдарының толық жарамды күйде екенін және сақтандырылған көлік құралдарын іске қосу және электрондық басқару пульттерінің түпнұсқалық кілттерінің (өндіруші зауытының жиынтығына сәйкес) толық жиынтықтары бар екенін растайды.

4.7. Сақтандыру полисі кез келген жағдайда кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті немесе өзге де кез келген электрондық жүйені тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатқан немесе теріс пайдаланудан немесе қолданудан (зиян келтіру құралы ретінде) туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.

4.8. Сақтандыру полисі кез келген қаруды немесе снарядты ұшыру және/немесе бағыттау және/немесе ұшыру механизмінде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық жасақтаманы немесе басқа электрондық жүйені пайдалану нәтижесінде туындайтын шығындарды өтемейді.

4.9. Жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің жүк модификацияларын сақтандыру кезінде сақтандыру өтемінен тент үшін жауапкершілік алынып тасталады.

4.10. Сақтандыру полисі бойынша сақтандырумен төменде көрсетілгендерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сақтандырылған көлік құралындағы кез келген мүлік өтелмейді:

1) сақтандырылған автомобиль көлігіндегі антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және сәндік тастардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, картиналар, діни ғибадат заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, атыс қаруы мен жарылғыш заттар, сондай-ақ сақтандырылушыға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес, немесе сатуға арналған немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты заттар;

2) автокөлік дилерінен көлік құралын сатып алу кезінде сатып алынған және орнатылған дабыл, навигация, тұрақ дефлекторлары, қорғаныс материалдары мен қондырғыларын қоспағанда, антирадарлар, алынбалы автомагнитол панельдері, алынбалы автомагнитолдар, бейне техника, компьютерлер және автомобильде орнатылған басқа да ұқсас жабдықтар;

3) автосалоннан көлік құралын сатып алу кезінде сатып алынған және орнатылған дабыл, навигация, тұрақ дефлекторлары, қорғаныс материалдары мен қондырғыларынан басқа, сақтандырылған көлік құралының зауыттық жиынтығына кірмейтін кез келген мүлік.

4.11. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының болуы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының болуы;

3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

4.12. Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттері тәуекел бойынша сақтандыру кезінде



Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет ету уақытында қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) автомобиль көлігі айдап әкетуге қарсы дабылмен жабдықталған;
- 2) автомобиль көлігін қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптар жабылып, айдап әкетуге қарсы дабыл қосылды;
- 3) көлік құралында техникалық паспорт пен кілттерді қалдырмау.

4.13. Сақтанушы (Сақтандырылушы) **4.12-**тармақта көрсетілген шарттарды сақтамаған жағдайда. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

5-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

5.1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

5.2. Автомобиль көлігін сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру полисін жасау сәтінде оның нақты құнынан (нарықтық-сақтандыру құнынан) аспауға тиіс.

5.3. Нақты құн ретінде оның моральдық және физикалық тозуын ескере отырып, сақтандырылған көлікпен бірдей маркалы жаңа автомобиль көлігінің құны, не осы жердегі ұқсас автомобиль көлігінің нарықтық құнына сүйене отырып, не Сақтандыру полисін жасау сәтіндегі оның нарықтық құнына, не сауда ұйымы берген анықтама-шот, сатып алу-сату шарты негізінде құны түсініледі.

5.4. Нақты құн автомобиль көлігінің бастапқы құнын және амортизациялық есептеуді (тозуды), пайдалану мерзімін, автомобиль көлігінің техникалық жай-күйін және тауарлық түрін ескере отырып айқындалуы мүмкін.

5.5. Сақтандырушы оны Сақтанушы әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Сақтандыру полисінде анықталған автомобиль көлігінің сақтандыру құнына дау айта алмайды.

5.6. Егер Сақтандыру полисімен анықталған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, Сақтандыру полисі Сақтандыру полисі жасалған кездегі сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде жарамсыз болып табылады.

5.7. Егер Сақтандыру полисін жасау сәтінде сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен болып белгіленсе, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына барабар, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) келтірген нақты залалдың бір бөлігі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

5.8. Сақтандыру сомасы Сақтандыру полисін жасау сәтінде автомобиль көлігінің нақты құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады;

5.9. Сақтандыру полисі бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объект (сақтандырылған автомобиль көлігі) бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.

6. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза.

6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру полисімен белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.

6.2. Сақтандыру полисі жалпы сақтандыру сыйлықақысын белгілейді.

6.3. Сақтандырушы төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы: шығарылған жылы, сигнализацияның болуы, коммерциялық мақсаттарда пайдалану.

6.4. Сақтандыру полисінде «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру сыйлықақысы жеңілдік сыйлықақысы болып табылады және сақтандырудың осы түрі бойынша Сақтандырушы осындай сақтандыру объектілеріне қатысты белгілейтін стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% -ын құрайды. Сақтандыру төлемі сомасынан жеңілдік сомасын ұстамай-ақ жеңілдік сыйлықақысы мүлдем шығынсыз Сақтанушылар үшін беріледі. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы осы Ережелердің 3-бабы 3.3-тармағының 11) тармақшасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемінің сомасынан стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% мөлшерінде жеңілдік сомасын ұстайды. Егер сақтандыру



төлемінің сомасы (шарт қойылмайтын франшиза шегерілгеннен кейін) берілген жеңілдікті өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қалған бөлігі кейінгі сақтандыру төлемдерінен шегеріледі.

6.5. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы сақтандыру полисіне сәйкес біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда бөліп төлеуге тиіс.

6.6. Сақтанушы Сақтандыру полисінде айтылған мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап Сақтандыру полисін бір жақты тәртіппен жай жазбаша хабарлама арқылы бұзуға құқылы.

6.7. Егер сақтандыру жағдайы енгізілуі мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленгенге дейін орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Кейінгі сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде төленген жағдайда жүзеге асырылады.

6.8. Сақтандыру полисі шарт қойылмайтын франшизамен жасалады, оның мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

7. Сақтандыру полисін жасау тәртібі

7.1. Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандыру полисі Сақтандырушыға жазбаша жүгіну жолымен, тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес, немесе Сақтандырушының Интернет-ресурсын пайдалана отырып, тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

7.2. Өтініш-сауалнама Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнама форматы Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған.

7.3. Сақтандыру полисі Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады (осы Ережелерге №1 қосымша).

7.4. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

7.5. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның толық атауы;
- 2) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон, факс нөмірі, банк деректемелері;
- 3) Сақтандырылушы мен Пайда алушы туралы нұсқау;
- 4) автомобиль көлігін басқаруға жіберілген адамдар туралы мәліметтер;
- 5) сақтандыру аумағы туралы нұсқау;
- 6) сақтандырылатын автомобиль көлігінің тізбесі, олардың сипаттамалары;
- 7) автомобиль көлігін пайдалану мақсаты туралы нұсқау;
- 8) көлік құралының техникалық жай-күйі;
- 9) көлік құралын жалға беру не такси ретінде пайдалану;
- 10) автомобиль көлігін пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, жалға алу шарты; сенімхат бойынша);
- 11) сақтандыруға жататын автомобиль көлігінде Сақтандыру полисін жасау сәтіндегі зақымданулар мен ақаулар;
- 12) басқа тұлғалар тарапынан автомобиль көлігіне қатысты шағымдардың, сот талаптарының болуы туралы немесе сот шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
- 13) өздігінен орнатылған электр және өзге де жабдықтың болуы, электрондық ұрлыққа қарсы дабыл жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
- 14) сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;
- 15) автомобиль көлігінің сақтандыру және нақты құны;
- 16) сақтандыру сомасының мөлшері;
- 17) Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;
- 18) сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп-бөліп);



19) өтініш-сауалнамада көрсетілген ақпарат.

7.6. Сақтанушы сақтандыруға қабылданатын автомобиль көлігіне қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында оған Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

7.7. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге жататын мәліметтер мен мән-жайлардың дұрыстығы мен толық еместігі үшін Сақтанушы жауапты болады. Өтініш-сауалнамада көрсетілген талаптардың толық болмауы салдарынан оның мазмұны бойынша дау туындаған жағдайда дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.

7.8. Егер өтініш-сауалнамада шындыққа сәйкес келмейтін деректер мен ақпарат берілген жағдайда, онда Сақтандыру полисі жасалмаған деп танылады және төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

7.9. Егер Сақтанушы үнсіз қалған мән-жайлар жойылса, Сақтандырушы Сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7.10. Қажет болған жағдайда Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын автомобиль көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және/немесе билік ету құқығын) растайтын және оның құны туралы куәландыратын және оны сипаттайтын деректерді қоса беруге тиіс.

7.11. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан автомобиль көлігін тексеру, КҚ суретке түсіру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

7.12. Сақтандырушы автомобиль көлігінің бар-жоғын және жай-күйін (қарап-тексеруді), Сақтанушы хабарлаған автомобиль көлігі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құны мен тәуекел дәрежесін белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.

7.13. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру полисінің телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған Сақтандыру полисі жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді..

7.14. Сақтандыру полисінің шарттарындағы кез келген өзгерістер ескі полисті бұзу және жаңа сақтандыру полисін жасау арқылы ресімделеді.

7.15. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында келісімге қол жеткізілуі тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүліктік мүдде туралы;
- 2) орын алған жағдайда сақтандыру (сақтандыру жағдайы) жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы;
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі туралы.

7.16. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушының факсимильдік құралдарды (факсимилені) және/немесе қолды және/немесе мөрді электрондық көшіруді пайдалана отырып, сақтандыру полисін жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай сақтандыру полисін Тараптар түпнұсқа ретінде таниды.

8. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен орны

8.1. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап Сақтандыру полисі қолданысқа енгізіледі және тараптар үшін міндетті болады, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасы төленген сәттен бастап.

8.2. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі Сақтандыру полисінің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

8.3. Сақтандыру полисінің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру полисінде көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

9. Қосарлы сақтандыру

9.1. Қосарлы сақтандыру - әрқайсысымен дербес шарттар бойынша бірнеше сақтандырушыларда бір объектіні сақтандыру.

9.2. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауаптылықта болады, алайда Пайда алушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.



9.3. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарлы сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.

9.4. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер ол Сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер енгізуге. Сақтандырушылардың тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы алдын-ала, өзгерістердің болжамды күнінен кем дегенде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылатын жазбаша өтінішпен жүгінуі керек;
- 5) осы Ережеде белгіленген тәртіппен Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға.
- 6) сақтандыру құпиясын сақтауды талап етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

10.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде Сақтандырушы сұратқан барлық құжаттарды ұсынуға;
- 2) сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 3) егер бұл өзгерістер Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға Сақтандыру полисін жасау кезінде хабарланған мән-жайларда сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сондай-ақ оған белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі деп танылады;
- 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын автомобиль көлігін сақтандыру шарттары (Сақтандыру полистері) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 5) Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 6) Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай күйі туралы дереу хабарлауға;
- 7) Сақтандырылушылардың назарына осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын жеткізуге;
- 8) Сақтандыру ережелерінің шарттарын орындауға (Сақтандырылушылардың Сақтандыру ережелерінің шарттарын бұзуы Сақтанушының өзі сақтандыру шарттарын бұзуы ретінде қарастырылады);
- 9) Сақтандыру полисінде белгіленген мерзімдер мен тәртіппен сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 10) сақтандыру жағдайынан шығынның алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
- 11) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарын, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беруге;
- 12) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 13) сақтандыру төлемін алған жағдайда, сақтандыру төлемі келтірілген залалды толық көлемде өтемеген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының кінәлі тұлғадан келтірілген залалдың құнын алуға құқығы жоқ, бұл жағдайда Сақтанушы кінәлі тұлғадан сақтандыру төлемі мен залал сомасы арасындағы жетіспейтін айырмашылықты өндіріп алуға құқылы;



- 14) осы Ережелердің 10-бабы 10.2-тармағының 13) тармақшасы бұзылған жағдайда сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға және келтірілген залалдарды өтеуге;
- 15) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі өткенге дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 16) Сақтандыру полисін жасасу кезінде Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге келісімін растайды;
- 18) Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырылушының Сақтандыру полисін жасасуға жазбаша келісімін алғанын Сақтанушы растайды;
- 19) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырушының (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге, дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге, сондай-ақ дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімінің болмауы жағдайларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің болмауы үшін жауапты болады;
- 20) Сақтандыру полисінде «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде Сақтанушы Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алғанға дейін Сақтандырушымен осы Ережелердің 3-бабы 3.3-тармағының 11) тармақшасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемінің сомасынан Сақтандырушының стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% ұстап қалуына «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюға міндетті.

10.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушыдан клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- 2) Сақтандыру полисін жасау кезінде автомобиль көлігін тексеруге, суретке түсіруге, ал қажет болған жағдайда - оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру полисінің талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 4) зақымданған автомобиль көлігін тексеруге қатысуға;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде сұрау салуларды құзыретті органдарға жіберуге;
- 6) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
- 7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе оның уәкілетті тұлғасының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін ниеті және Сақтанушының сақтандыру жағдайынан шығынды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандыру полисінің талаптарын орындамаған не Сақтанушыны (Сақтандырылушыны/ Пайда алушыны) бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) Сақтанушы осы Ережелердің 3.3 - тармағы 11) тармақшасының а) абзацына сәйкес «өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қойудан бас тартқан жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға-сақтандыру полисінде «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде;
- 9) кез келген уақытта тәуекелге ықпал ететін жағдайлардың бар-жоғын инспекциялауға және тексеруге;
- 10) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына пропорционалды түрде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

10.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережесімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру полисінде/Сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;



- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсалған ақылға қонымды және орынды шығыстарды өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 5) Сақтанушының өтініші бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушының өтеуіне жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, оларды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға.
- 8) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының болуы;
 - Сақтанушының/ Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарын, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

11. Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдарлары

11.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы), егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

11.2. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер мен жағдайлар маңызды деп танылады:

- 1) автомобиль көлігін сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
- 2) автомобиль көлігін жалға, лизингке, жалға алуға, кепілге немесе өзге де ауыртпалыққа беру, автомобиль көлігін пайдалану сипатындағы елеулі өзгерістер, есептен шығару, жол полициясы органдарында қайта тіркеу;
- 3) автомобиль көлігін басқасына сату немесе ауыстыру, шанақты/қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдықты орнату;
- 4) автомобиль көлігін пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарындағы елеулі өзгеріс;
- 5) сақтандырылған автомобиль көлігіне тіркеу құжаттарының, автомобиль көлігіне кілттердің, дабылды басқару пультінің, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерінің (белгілерінің) жоғалуы, ұрлануы немесе ауыстырылуы;
- 6) Сақтандыру полисінде айтылмаған адамға сенімхат беру немесе автомобиль көлігіне билік етуге (басқаруға) құқық беру;
- 7) қосарлы сақтандырудың болуы;
- 8) көлік құралының ақаулығының болуы.

11.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

11.4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі осы Сақтандыру ережелерінде белгіленеді.

11.5. Сақтанушы осы баптың 11.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

11.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

12. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері



12.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиға болған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандыру полисінде көрсетілген телефондар арқылы Сақтандырушыға дереу хабарласуға және одан әрі іс-әрекеттер туралы кеңес алуға;

2) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін барлық ақылға қонымды және қол жетімді шараларды, соның ішінде зақымдалған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер Сақтандырушыға нақты шаралар қабылдау туралы нұсқаулар берілсе, оларды орындау керек);

3) мереке және демалыс күндерін қоспағанда, ең қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ол білген сағаттан бастап Сақтандырушының немесе оның өкілетті өкілінің оқиғаның басталғаны туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабардар етуге, оған оқиғаның мән-жайы, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен одан арғы әрекеттерді келісу, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша кейіннен жазбаша өтініш беруге;

4) зақымданған автомобиль көлігін Сақтандырушы қарап шыққанға дейін сақтандыру оқиғасының басталуы нәтижесінде болған күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін тек қауіпсіздік, залалдың мөлшерін азайту немесе Сақтандырушының келісімі бойынша туындаған жағдайда ғана өзгертуге құқылы;

5) егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген 2-Опциясыз жасалған жағдайда, жол полициясы қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 сағат ішінде мас болу мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге. Егер сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген 2-Опциямен жасалған болса, жол полициясы қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 сағат ішінде мас болу мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуі тиіс, егер залал мөлшері сақтандырылған автомобиль көлігінің сақтандыру сомасының 70% - нан асатын болса, сондай-ақ Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан өмірге, үшінші тұлғалардың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда ғана.

6) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруді жүргізуге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгінуге, атап айтқанда:

а) жол полициясы органдары - ЖКО салдарынан автомобиль көлігіне зақым келген немесе автомобиль көлігінің қозғалысы кезінде бөгде заттар құлаған жағдайда, сондай-ақ Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне зиян келтірілген жағдайда, егер сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2) - 4) тармақшасында көрсетілген 2-Опциясыз немесе 3-Опциясыз немесе 4-Опциясыз жасалған жағдайда.

-Егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3 - тармағының 2) тармақшасында көрсетілген 2-Опциямен жасалған болса, - егер залал мөлшері сақтандырылған автомобиль көлігінің сақтандыру сомасының 70% -нен асатын болса ғана, автомобиль көлігіне кез келген зақым келген жағдайда, сондай-ақ Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан өмірге, үшінші тұлғалардың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда.

-Егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса, - ЖКО салдарынан автомобиль көлігіне кез келген зақым келген жағдайда, егер залал мөлшері сақтандырылған автомобиль көлігінің сақтандыру сомасының 10% - нан асса ғана, сондай-ақ Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан өмірге, үшінші тұлғалардың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда.

-Егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген 4-Опциямен жасалған болса, - ЖКО салдарынан автомобиль көлігіне кез келген зақым келген жағдайда, егер залал мөлшері осы Опция бойынша Сақтандыру полисінде белгіленген лимиттен асып кетсе ғана, сондай-ақ Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан өмірге, үшінші тұлғалардың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда.

б) өртке қарсы қызмет органдары - өрттің нәтижесінде пайда болған зақымданулар жағдайында, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-опциясыз жасалған жағдайда.

Егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3 - тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса - өрттің нәтижесінде пайда болған зақым болған жағдайда, залал мөлшері көлік құралының сақтандыру сомасының 10% - нан асқан жағдайда ғана;



в) ПМ тергеу органдары - үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, автомобиль көлігін ұрлау жағдайында;

г) қоршаған ортаның жай-күйін қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ТЖ органдары, Қазгидромет – табиғи апаттар салдарынан автомобиль көлігі зақымданған жағдайда, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциясыз жасалған жағдайда, тиісті аумақта дүлей зілзалалардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін.

Егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3 - тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса» - егер залал мөлшері көлік құралының сақтандыру сомасының 10% - нан асқан жағдайда;

- Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне зиян келтірілген жағдайда уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың оқиғаны құжаттамалық ресімдеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ, егер осы Ережелердің 3-тармағының 2)-3) тармақшасында көрсетілген 2-Опция және 3-Опция таңдалмаған жағдайларда. Егер 2-Опция немесе 3-Опция таңдалса және залал Сақтандыру полисінде көрсетілген лимиттерден аспаса - жол полициясының құжаттары талап етілмейді, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушының апаттық комиссарына қоңырау шалып, оның нұсқауларын орындауы тиіс;

- егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2)-4) тармақшасында көрсетілген 2-Опциясыз немесе 3-Опциясыз немесе 4-Опциясыз жасалған жағдайда, мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар оқиғаны құжаттамалық ресімдеу кезінде, оның ішінде жол-көлік оқиғасы кезінде жәрдем көрсету, сондай-ақ, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2) -4) тармақшасында көрсетілген 2 немесе 3-Опциямен немесе 4-Опциямен жасалған болса, бірақ бұл опциялардың шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаған болса:

а) егер оларды анықтау мүмкіндігі болса, кінәлі тұлғаның және куәгерлердің деректерін жазуды жүзеге асыру;

б) жол-көлік оқиғасын жасаған кезінде жол полициясы органдары ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің барлық зақымдануларының көрсетілуін бақылау;

в) жол полициясы қызметкерлерінің оқиға схемасын және автомобиль көліктерінің жүру бөлігінде орналасуын жасау кезінде қатысуға және көмектесуге, схемамен келіспеген жағдайда, оған қол қою кезінде өз пікірін көрсету;

г) жол полициясы органдарына орын алған оқиғаның мән жайын толық көрсете отырып түсініктеме жазу;

д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қойған кезде, жол полициясы органдары қызметкерлерінің шешімімен келіспеген жағдайда, хаттамада өз пікірін жазу.

7) залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларды тергеуге ішкі істер органдары, прокуратуралар және басқа да құқық қорғау органдары қатысқан барлық жағдайларда Сақтанушы қылмыстық іс қозғау немесе қозғаудан бас тарту туралы қаулы ұсынуға міндетті;

8) шығын келтіруге жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін және ақылға қонымды шараларды қабылдау;

9) мереке және демалыс күндерін қоспағанда, ең қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, ол білген сағаттан бастап Сақтандырушының немесе оның өкілетті өкілінің оқиғаның басталғаны туралы хабардар ету, оған оқиғаның мән-жайы, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері (оның ішінде Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өмірі, денсаулығы мен мүлкі) туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен одан әрі іс-қимылдарды келісу, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беру;

10) зақымданған автомобиль көлігін Сақтандырушы қарап шыққанға дейін сақтандыру оқиғасының басталуы нәтижесінде болған күйінде сақтау. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін тек қауіпсіздік, залалдың мөлшерін азайту немесе Сақтандырушының келісімі бойынша туындаған жағдайда ғана өзгертуге құқылы;

11) Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережелерінің 13.3-тармағында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

12) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиғаның) және бүлінген автомобиль көлігінің орнын тексеру немесе тексеру, шығынның себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізу, сақтандырылған автомобиль көлігінің шығынын азайту және құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысу мүмкіндігін беру.



12.2. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер жасамауға; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға; Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

12.3. Залал туындаған жағдайда Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) қатысуымен бүлінген автомобиль көлігін қарап-тексеруді жүргізуге және залал мөлшерінің есебін қамтитын сақтандыру актісін (қарап-тексеру актісін) жасауға міндетті. Тексеру құзыретті органдар (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі) өкілінің қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Зиян келтіруге жауапты тұлғаны анықтаған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) бүлінген автомобиль көлігін қарау кезінде оның не оның өкілінің болуын қамтамасыз етуге шаралар қолдануға міндетті. Бұл тұлға немесе оның өкілі келмеген жағдайда тексеру олар болмаған кезде жүргізіледі.

12.4. Сақтандырушының өкілі Сақтанушының шығын туралы хабарламасын күтпей, зардап шеккен автомобиль көлігін тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушының бұған кедергі жасауға құқығы жоқ.

12.5. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болса, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау және ықтимал шығындарды, оның ішінде сақтандырылған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі.

12.6. Пайда алушы Сақтандырушыға Сақтанушы немесе Сақтандырылушы жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлауға құқылы.

12.7. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді, егер ол Сақтанушының еркіне тәуелді емес себептерге байланысты болса және егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған жағдайларды қоспағанда.

13. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

13.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға/Пайда алушыға) жүктеледі.

13.2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттамалық дәлелдеуге міндетті:

- 1) сақтандырылған автомобиль көлігіне деген мүдделілігін;
- 2) сақтандыру жағдайының болуы;
- 3) келтірілген залалдың мөлшері.

13.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы керек:

1) Жеке тұлғасын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін:

сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы өтініш; Сақтандыру полисі; өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); сақтандыру компаниясында істерді жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (заңды тұлға үшін немесе пайда алушының мүддесін білдірген жағдайда), ЖКО-да зардап шеккен адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттар;

2) Сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүдделілікті дәлелдеу үшін:

сақтандырылған автомобиль көлігін иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; автомобиль көлігін басқару құқығына сенімхат немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жолсапар парағы; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылса, жалдау шартының көшірмесі; меншік иесінің атынан автомобиль көлігін иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын өзге құжаттың көшірмесі; және т. б.);



3) Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:

а) егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2)-4) тармақшасында көрсетілген 2-Опциясыз немесе 3-Опциясыз немесе 4-Опциясыз жасалған жағдайда, жол-көлік оқиғасы кезінде, сондай-ақ, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 2) -4) тармақшасында көрсетілген 2 немесе 3-Опциямен немесе 4-Опциямен жасалған болса, бірақ бұл опциялардың шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаған болса:

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға орнын қарап-тексерудің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының, жол-көлік оқиғасына қатысушыларды медициналық куәландыру анықтамасының көшірмелері; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеуді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын жол полициясы органдары мен құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т. б.) жасаған өзге де құжаттар;

б) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциясыз жасалған жағдайда, сондай-ақ, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса, бірақ бұл опцияның шарттарын Сақтанушы/ Сақтанушы орындамаған болса:

оқиға орнын қарау хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмелері (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы), іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігіайдап әкету не ұрлау кезінде); айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы іс-қимыл жасаған тұлғаны анықтау кезінде); кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (не егер қылмыс жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар; ал автомобиль көлігін айдап әкету немесе ұрлау кезінде ұрланған (айдап әкетілген) автомобиль көлігінің түпнұсқа кілттерінің қосымша толық жиынтығы; барлық электрондық және электрондық-механикалық айдап әкетуге қарсы жүйелердің басқару пульттерінің, салпыншақтардың, карточкалардың, белсенді және пассивті активаторларының, сақтандырылған автомобиль көлігі жарактандырылған айдап әкетуге қарсы механикалық құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтығы;

көлік құралын айдап әкету немесе ұрлау кезінде қосымша (түпнұсқалар):

КҚ-ның тіркеу құжаттары; КҚ-ын пайдалануға және иелік етуге берілген сенімхаттар; ұрланған (айдап әкетілген) КҚ-ның түпнұсқа кілттерінің жиынтығы; сақтандырылған КҚ-мен жабдықталған басқару пульттерінің, айдап әкетуге қарсы жүйелердің жиынтығы; жазбаша өтініш-абандон (Сақтанушының Сақтандырушының пайдасына зақымданған автомобиль көлігіне мүлктік құқықтардан бас тартуы).

в) дүлей апаттар кезінде, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциясыз жасалған жағдайда, сондай-ақ егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3) тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса, бірақ бұл опцияның шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаған болса:

аумақтық гидрометеокызмет бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

г) өзге де күтпеген оқиғалар кезінде, егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциясыз жасалған жағдайда, сондай-ақ егер Сақтандыру полисі осы Ережелердің 3) тармағының 3) тармақшасында көрсетілген 3-Опциямен жасалған болса, бірақ бұл опцияның шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаған болса:

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің, өрт-техникалық сараптама қорытындысының, жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмелері және оған қосымша; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;



д) сақтандырылған көлік құралында ЖКО салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілуіне байланысты Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған кезде: ЖКО салдарынан зардап шеккен тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар; науқастың картасынан шығарылған эпикриз, ауру тарихынан үзінді, травмалық пункттен медициналық анықтама немесе Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе мүгедектікті алу үшін негіз болып табылатын диагнозды көрсете отырып, жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын, емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған басқа да медициналық құжаттар; мүгедектік тобын беру туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың (МӨС) қорытындысы; жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы медициналық мекемелердің анықтамасы немесе ол туындаған жағдайда жәбірленушінің мүгедектігін белгілеу туралы мамандандырылған мекемелердің анықтамасы; тергеу және сот органдары құжаттарының көшірмелері (егер бар болса); сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардан алынған құжаттар (осы Ережелердің 13-бабы 13.3-тармағы 3) тармақшасының а) абзацында көзделген құжаттар); сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер) (жазатайым оқиға туралы акті н. Н-1 немесе н. Н-2) жәбірленуші қайтыс болған кезде жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәлік, неке туралы куәлік, туу туралы куәлік және ҚР АҚ 940-бабының тәртібінде азаматтың қайтыс болуына байланысты төлем алу құқығын растайтын өзге де құжаттар ұсынылады; жәбірленуші мүлкінің бүлінгенін растайтын құжаттар; Сақтандырушы жіберген Бағалаушы ұсынған бағалау туралы есеп;

е) террористік актілер, ереуілдер, локауттар, халық көтерілісіне дейін өскен немесе ауқымы ұлғайған азаматтық тәртіпсіздіктер, бүліктер, азаматтық толқулар, әскери көтерілістер, революциялар және саяси және діни себептер бойынша үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері кезінде;

1) сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын уәкілетті және құқық қорғау органдары, мемлекеттік комиссиялар, құзыретті органдар жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

ж) жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау кезінде:

оқиға орнын қарау хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) көшірмелері, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі; айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (не егер қылмыс жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

з) жазатайым оқиға ЖКО орын алған және Сақтандырылған тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген кезде: ЖКО салдарынан зардап шеккен Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттар; науқастың картасынан шығарылған эпикриз, ауру тарихынан үзінді көшірме, травмалық пункттен медициналық анықтама немесе Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе мүгедектікті алу үшін негіз болып табылатын диагнозды көрсете отырып, жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын, медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған басқа да медициналық құжатта; мүгедектік тобын беру туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың (МӨС) қорытындысы; сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардан алынған құжаттар (осы Ережелердің 13-бабы 13.2-тармағы 3) тармақшасының а) абзацында көзделген құжаттар); сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер) (жазатайым оқиға туралы акті н. Н-1 немесе н. Н-2), Сақтандырылушы қайтыс болған кезде жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәлік, неке туралы куәлік, туу туралы куәлік және ҚР АҚ 940-бабының тәртібінде азаматтың қайтыс болуына байланысты төлем алу құқығын растайтын өзге де құжаттар ұсынылады.

